



# Педагог

№2 (92)  
(Наурыз-Сәуір)  
(Март-Апрель)  
2026

Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.  
Журнал издается с января-февраля 2011 года на казахском и русском языках

Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал  
Республиканский научно-методический педагогический журнал

## МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Адал азамат, намысты тұлға.....	3
<b>А. Чунетов</b>	
Ар-намысты 60 жыл.....	5
<b>В. Чанцзи, Ф. Юйцзя, Е. Байфэй</b>	
Кәсібі білім беру жүйесіндегі сапаны басқару: әлемдік тәжірибе мен отандық бейімделу.....	8
<b>А. Бисенкулова, Н. Жумашева</b>	
Бастауыш мектепте математика сабағында танымдық іс-әрекетті жаңадандырудың педагогикалық негіздері: АКТ мен жасанды интеллект құралдары.....	12
<b>М. Курумбаева</b>	
Әлемдік білім беру трендтері: дәстүрлі оқытудан цифрлық инновацияларға.....	15
<b>Л. Рахметова</b>	
Тиімді кері байланыс әдістері арқылы оқушының математикалық сауаттылығын арттыру.....	17
<b>Е. Дайрабай</b>	
Қоғам ұстазға қаншалықты құрмет көрсетіп жүр?.....	19
<b>Г. Төлеген</b>	
Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуда химия сабағында PISA тапсырмаларының тиімділігі.....	21
<b>Т. Скакова</b>	
Интернаттық ұйымдардағы оқушылардың жаңа ортаға бейімделуі.....	24
<b>А. Чэньян, С. Цзин, Ч. Яцянь</b>	
Плагиатқа қарсы құралдарды басқару және қытай білім алушылардың академиялық өзіндік тиімділік сезімі: Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті мысалында.....	26
<b>А. Табиев, А. Муратбаев</b>	
Учение Ясауи – источник духовной культуры.....	32
<b>Г. Ахметова, А. Қажибекова, М. Амирова</b>	
Вместе развиваем речь!.....	34
<b>В. Екимовская</b>	
Конспект интегрированного занятия по изобразительной деятельности и развитию речи, с использованием нетрадиционной техники рисования.....	40

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:  
«ПЕДАГОГ LTD» ЖШС

Бас редактор:  
**Гүлжанат ҚҰСТАНОВА**

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде  
15.02.2010 ж. Астана қаласында тіркеліп, №10712-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды  
04.05.2026 ж.  
Офсеттік басылым.  
Тапсырысы: 320.  
Басылым индексі: 74312

**Редакцияның мекен-жайы:**  
050036, Алматы қаласы,  
Мамыр-2 ы/а, 13-7.  
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.  
Ұялы тел.: 8 777 303 37 67.  
Эл.пошта: [pedagog-ltd@mail.ru](mailto:pedagog-ltd@mail.ru)  
Сайт: [www.pedagogltd.kz](http://www.pedagogltd.kz)  
Журнал <<RADO Print>>  
баспаханасында басылды.  
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,  
кеңсе 411А

Жауапты хатшы:  
**Ақнұр ОЛЖАЕВА**  
Көркемдеуші және беттеуші:  
**Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА**

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА: РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

**Н. Омашев** — ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

**С. Аманжолов** — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі.

**Ә. Дүйсебек** — Ұлттық құндылықтар Академиясының вице-президенті.

**А. Миразова** — Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.

**Р. Кіршібаева** — Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

*Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.*

*Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.*

### Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор:

**Гулжанат КУСТАНОВА**

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК в г. Астане. Выдано свидетельство №10712-Ж от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 04.05.2026 г.

Печать офсетная.

Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

### Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

моб.т.: 8 777 3033767

Эл. почта: [pedagog-ltd@mail.ru](mailto:pedagog-ltd@mail.ru)

Сайт: [www.pedagogltd.kz](http://www.pedagogltd.kz)

Журнал напечатан в типографии <<RADO Print>>

г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А

Ответственный секретарь:

**Акнур ОЛЖАЕВА**

Дизайн и верстка:

**Нұрзат РАЙМКҰЛОВА**

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртекті түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға ([pedagog-ltd@mail.ru](mailto:pedagog-ltd@mail.ru), [aknur@mail.ru](mailto:aknur@mail.ru)) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

### ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту ([pedagog-ltd@mail.ru](mailto:pedagog-ltd@mail.ru), [aknur@mail.ru](mailto:aknur@mail.ru)), факсом или заказным письмом.



## Адал азамат, намысты тұлға

### **Ерназар Хамидуллович ИШАНОВ**

1966 жылы 21 сәуірде сол кездегі Көкшетау облысы Зеренді ауданының Қарсақ ауылында ауыл шаруашылығы механизаторының отбасында дүниеге келді.

1973 жылы Троицк орта мектебінің 1-сыныбына барып, 1983 жылы осы мектептің 10-сыныбын тәмамдады.

1983 жылы өз еркімен М.В. Фрунзе атындағы Омбы жоғары жалпыәскери екі мәрте Қызыл Ту орденді командалық училищесіне оқуға түсіп, оны 1987 жылы бітірді.

1983 жылдан 2005 жылға дейін КСРО және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде әр түрлі командалық және штабтық лауазымдарда әскери қызмет атқарды. Ауғанстан Республикасында жауынгерлік іс-қимылдарға қатысу тәжірибесі бар.

1995-1998 жылдар аралығында Мәскеу қаласындағы М.В. Фрунзе атындағы Әскери академияда күндізгі бөлімде білім алды.

2005 жылғы 11 шілдеде ұйымдастырушылық іс-шараларға байланысты (әскери киім нысанын кию құқығымен) Қазақстан Республикасы Қарулы Күште-



*Ерназар Хамидуллович ИШАНОВ – АЛТ «Логистика және көлік академиясы» АҚ Әскери кафедра (Әскери іс институты) бастығы. Алматы қаласы.*



рі Құрлық әскерлері Бас қолбасшысы басқармасының Бас штабы бастығының жедел жұмыс жөніндегі орынбасары – Бас жедел басқарма бастығы лауазымынан за- пасқа шығарылды.

**Халық шаруашылығындағы еңбек тәжірибесі**

2005-2006 жж. – «Құрылыс» корпорациясы құрылыс департаменті бас директорының орынбасары;

2006-2007 жж. – корпорацияның инновациялық және инвестициялық жобалар департаментінде металл конструкциялар зауытын салу жобасының жетекшісі;

2007-2008 жж. – «Zhetysu Metal» ЖШС, Қапшағай қаласы, металл конструкциялар зауытының директоры;

2008-2009 жж. – «Свит XXI» ЖШС өндіріс жөніндегі директоры;

2009-2010 жж. – Жинақтаушы зейнетақы қоры маркетинг және аймақтық даму департаментінің басқарушы директоры;

2010-2015 жж. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әскери кафедрасының бастығы;

2015-2016 жж. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қауіпсіздік және

жедел әрекет ету орталығы директорының орынбасары;

2016-2021 жж. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ситуациялық басқару орталығының директоры – бірінші проректордың орынбасары;

2021-2023 жж. – НАО «ҚазҰлт-ҚызПУ» активтерді басқару дирекциясының директоры;

2022 жылғы 4 қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – АЛТ «Логистика және көлік академиясы» АҚ Әскери кафедра (Әскери іс институты) бастығы.

**Білімі**

2017-2019 жж. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің магистранты, мамандығы «Педагогика және психология»;

2020-2023 жж. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің докторанты, мамандығы «Педагогика және психология».

**Ерназар Хамидуллоевич отбасылы.** Жұбайы Ишанова (Жаркинова) Акмарал Сермұхамбетқызымен бірге екі бала тәрбиеледі. Қызы – Қожа-Ахмет (Ишанова) Бақыт тұрмыста болса, ұлы – Хамидуллин Данияр, 1993 жылы туған, ата-анасымен бірге тұрады.





# Ар-намысты 60 жыл

Адамның болмысы мен оның мәні — әлем философиясының негізгі өзегі. Өйткені кез келген философиялық ойлау дәл осы сұрақтан басталады: «Өмірдің мәні неде?». Олар адамның болмысын қалай түзетуге болады, шынайы өмірдің мәнін қалай табуға болады деген сұрақтарды зерттеді. Өткен дәуірлердің озық ойшылдары өздерінің ақыл-ойы мен танымын адамға, оның табиғатына бағыттады.



Егер тарих бетіне үңілсек, қазақ философиясы әлемнің барлық халықтары сияқты табиғи жолмен қалыптасқанын көреміз. Ол адамның өзін және қоршаған әлемді түсінуге деген қажеттілігімен байланысты болды. Бұл түсінік адамның өз өмірі мен жақын адамдарының, жалпы барлық адамдардың өмірі үшін әлемнің қандай маңызы бар екенін ұғынуға ұмтылуынан туындады.

Қазақ ойшылдары Абай, абайтанушы Шәкәрім, күні кеше өмірден өткен Мекемтас Мырзахметов ағамыздың пікірінше, тұлға дегеніміз — адамның өмір сүру барысында, еркін таңдау жасау және өзін-өзі дамыту әрекеттері арқылы қалып-

тасып, жетіле түсетін әлеуметтік қасиеттердің тұтас жүйесі болып табылады. Ойшылдар адамның лайықты өмірлік мәнге ие болуында ол өсіп, дамитын ортаның маңызын ерекше атап өткен, яғни тәрбие мен білімге үлкен мән берген.

Шәкәрімнің ойынша: «Дүние тозақ емес, керісінше ол — жұмақ. Ал осы жұмақты тозаққа айналдыратын нәрсе — адамдардың бір-біріне жасаған зорлығы, үстем таптардың қысымы, олардың өзімшілдігі мен қасқыр мінезі. Егер адамдар бірін-бірі қудаламай, зиян келтірмей, бауырмалдықпен өмір сүріп, табиғат байлығын адал еңбегімен, өзара мүддесіз пайдаланса, онда сөзсіз әлем нағыз жұмаққа айналар еді».

Адамгершілік қасиеттің дамуын қалыптастыруда және борыш сезімін нығайтуда, жоғары саналықты арттыруда жетекші факторлар ерекше маңызды. Бұл тұрғыда француз ойшылы Жан-Поль Сартрдың мына сөздері өзекті: «Адам бүкіл әлемнің ауыртпалығын өз иығында көтереді: ол әлем үшін де, өзінің белгілі бір тұлға ретінде жауапкершілік арқала-



ғаны үшін де жауапты». Ал осы ойшылдың замандастары, қазақ зиялылары Ұлы Отан соғысы кезінде жетімдіктің қиыншылығын көріп өскен, қазақ әдебиетіне келген, шығармашылық жолдары тоғысқан дарынды қаламгерлер: Оралхан Бөкей, Кәрібай Ахметбеков, Ақселеу Сейдімбек, Қуанышбай Құрманғалиев, Бексұлтан Нұржекеев, Мұхтар Мағауин, Дулат Исабеков бала Ерназардың сүйікті жазушылары еді. Көпшілігінің әкелері соғысқа кетіп, оралмаған, бала кезден жетімдіктің тақсиретін тартып, соғыс жылдарынан кейінгі ауыртпашылыққа қарамас-тан, туған жер табиғат нәрімен суындады.

Оларды табыстырған әдеби орта: 70-жылдары Алматыға келіп, әдебиет айдынында өз орнын іздеген, бір-біріне қолдау көрсеткен жас қаламгерлер өнердегі, өмірдегі тұлғалық ізденісінің арқасында рухани биіктіктен көрінді.

Осы зиялыларымыздың туындыларына қанып өскен, талғамы биік жас – Ерназар Ишанов. Көкше жерінен нәр алған оның арманы – Отан қорғаушы Сардар болу еді. Кенес дәуірі кезінде, Ресей еліне әскери оқуға түсу, қазақ азаматы үшін арман болғаны рас. Осы арманды екі мәрте 17 жасар жасөспірім кезінде Омск әскери училищесінде курсант, орда бұзар 30 жасында Москваның М.В. Фрун-

зе атындағы Әскери Академияның тыңдаушысы болып орындаған Ерназар Хамидуллоевич – қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ардагері.

Қызметтік және азаматтық өмір жолындағы ұстанымы қазақи қанмен сіңген тектілік.

Тектілік туралы қаламгер Дулат Исабеков ағамыздың тұжырымына үңілейік.

Ол – ұлттық тәрбиенің алтын қайнарынан суарылған, бесікте жатқанда анасы, арам аспен ешқашан ауыздандырмаған, жан баласының ала жібін аттамау, хақысын жемеу ұғымы бойына терең сіңірілген, үлкендердің алдын кесе өтпейтін, өз ұлтының дәстүрі мен тілін қадір тұтатын, атам қазақтың «өлімнен ұят күшті» қағидасын қатаң ұстанған, ағайынға қайырымды, жатқа жағымды, уәдеге берік, аманатқа адал, мінезі көркем, ең бастысы құстың қос қанаты сияқты адамгершілік және имандылық қасиеті бір басына терең тоғысқан адам.

Қазақтың даңқты қолбасшысы Бауыржан Момышұлы офицердің рөлі туралы терең ойында: офицер – ол мемлекеттік қызметкер ғана емес, сарбаздардың өмірі сеніп тапсырылған жауапты тұлға, жеңісті ойлап табушы, ұрыс тағдырын ақылымен, білім мен біліктілігімен айқындайтын жетекші. Ерназар Хамидуллоевич – Ауған жерінен, оқ



пен оттың арасынан, сарбаздарын шашау шығармай аман алып шыққан күш, жоғарыда келтірілген талаптарды негізге ала білген жөн.

Қазақ дүниетанымында тектілік ұғымы ерекше мәнге ие.

Тектілік – адамның шыққан тегінен бастау алғанымен, оның шыннайы көрінісі кісілік қасиетінде, мінез-құлқында, елге деген жанашырлығында, айналасына деген құрметінде байқалады.

Ерназар Хамидуллоевич Ишановтың тұлғасын сипаттағанда «текті азамат» ұғымын қолдану орынды. Өйткені тектілік – ең алдымен адамдық болмыстың биіктігі. Ол үлкенге құрмет көрсетуден, кішіге қамқор болудан, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінуден, сөзі мен ісінің бірлігін сақтаудан көрінеді.

Отты жылдардан кейін, сол кездегі Алматы облысы Үшарал гарнизонында бригада командирі, 90 жылдардың тоқырауында да, қол астындағы офицерлер мен сержанттардың рухын көтеріп, оларды ортақ мақсатқа жұмылдыра білу де – офицердің басты міндеттерінің бірі болды. Өмір жолында да осы тұрғыдан карағанда, оның әскери тұлға ретіндегі болмысы айқын көрінеді. Әскери қызметтің басты ерекшелігі – жеке мүддеден гөрі қоғамдық және мемлекеттік мүддені жоғары қою. Бұл қасиет Ерназар Хамидуллоевичтің азаматтық ұста-

нымымен де сабақтасып жатыр.

Қазіргі таңда Ерназар Хамидуллоевич Алматы қаласындағы беделді жоғары оқу орындарының бірі – М. Тынышбаев атындағы АЛТ университетінде Әскери кафедра (әскери іс институты) бастығы. Әріптестеріне және қызметіне адал, ақжарқын, жүзі жылы жан ретінде танымал Ерназар Хамидуллоевич өмірін еліне ерен еңбек етумен өткізуде.

Оның өмірлік жолы әскери тәртіп пен адами парасаттың өзара үйлесім таба алатынын көрсетеді. Нағыз әскери қызметкер – бұйрықты бұлжытпай орындаушы ғана емес, сонымен қатар өз ортасына үлгі бола алатын, елдік мүддені түсінетін, рухы биік тұлға. Осы сипаттар Ерназар Хамидуллоевич Ишановтың болмысынан айқын аңғарылады. Сондықтан оны әскери тұлға, текті азамат ретінде бағалау орынды.

Асқарлы 60 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз, әріптестері атынан зор денсаулық пен қажымас қайрат тілейміз!

**А.Н. ЧУНЕТОВ,**  
запастағы полковник, техникалық ғылымдар магистрі, М. Тынышбаев атындағы АЛТ университеті Әскери кафедра бастығының орынбасары, оқу бөлімінің бастығы.  
Алматы қаласы



# Кәсібі білім беру жүйесіндегі сапаны басқару: әлемдік тәжірибе мен отандық бейімделу

## Андатпа

Кәсіптік білім беру сапасын басқару – бүгінгі күндегі өзекті тақырыптардың бірі болып табылды. Бұл зерттеу осы саладағы әлемдік тәжірибелерге шолу жасалып, олардың отандық контекстке бейімделу жолдары болып талданды. Зерттеу «мәдениет – институт – іс-әрекет» үш өлшемді модельді негізге ала отырып, білім сапаны басқару жүйелерінің жалпы қолдануға арналмағанын көрсетеді. Төрт негізгі модель (нормативтік-стандарттау, мұғалім кәсіптілігін нығайту, серіктестік пен интеграция, жүйелік-бағдарламалық) сарапталды. Нәтижелер сәтті бейімдеудің тек әдістерді көшіру емес, сонымен қатар мәдени кодтарды, институционалдық мүмкіндіктерді және мұғалімдердің агенттілігін ескеруді талап ететінін көрсетті. Жұмыс кәсіптік білім сапасын жоғарылатудың контекстке байланысты стратегияларын әзірлеуге ықпал етеді.

**Кілт сөздер:** Кәсіптік білім беру сапаны басқару; Халықаралық тәжірибе; Отандық бейімделу; Сапаны қамтамасыз ету; Салыстырмалы талдау.

## Кіріспе

Қазіргі уақытта елдердің табыстылығы адам капиталының сапасына байланысты. Бұл жағдайда кәсіптік білім берудің рөлі ерекше. Көптеген мемлекеттер білім нәтижелерін қалай жақсартуға болатынын іздестіруде. Әлемдік тәжірибе әр түрлі шешімдерді ұсынады, бірақ бір жерде жұмыс істейтін әдіс басқа жерде әсерсіз болуы мүмкін. Сондықтан, халықаралық тәжірибені жергілікті шындыққа бейімдеу мәселесі өзекті болып отыр. Бұл зерттеудің мақсаты – кәсіптік білім сапасын басқарудың негізгі халықаралық тәсілдерін талдау және оларды жергілікті дең-

гейде енгізу кезіндегі қиындықтарды анықтау.

## Материалдар мен зерттеу әдістері

Бұл жұмыс сапалық зерттеу әдіснамасы негізінде жүргізілген сыни әдебиетке шолуға негізделген. Зерттеудің жүзеге асыру үдерісі келесі үш бағытталған кезеңді қамтыды:

Бірінші кезең – әдебиеттерді жүйелі іздеу және талдау. Зерттеу «кәсіптік білім берудегі сапаны басқару», «сапаны қамтамасыз ету», «салыстырмалы білім саясаты» және «халықаралық тәжірибені бейімдеу» сияқты негізгі тақырыптық өзегі бойынша Scopus, Web of Science және



ұлттық академиялық қорларда жан-жақты іздестіру арқылы басталды. Әдебиеттерді іріктеуде негізгі критерий ретінде соңғы он жылдық (2015-2025) аралығындағы теориялық шолулар, эмпирикалық зерттеулер және талдамалық жағдаяттық зерттеулер басымдық алды.

Екінші кезең — талдау үлгісін әзірлеу және теориялық негізді нығайту. Таңдалған әдебиеттерді жүйелі талдау үшін зерттеу «мәдениет — институт — іс-әрекет» деп аталатын үш өлшемді талдау үлгісін қолданды. Бұл үлгі білім беру тәжірибесін терең мәдени құндылықтар, ресми институционалдық құрылымдар және тәжірибелік іс-әрекет деңгейлеріне бөліп қарауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан қарағанда, әлемдік тәжірибелерді тек қана әдістемелер мен стандарттар жиынтығы ретінде емес, оларды туындатқан мәдени-әлеуметтік контекст және оларды іске асыру механизмдерімен байланыстыра отырып талдауға болады.

Үшінші кезең — салыстырмалы талдау және синтетикалық қорытындылар жасау. Әр түрлі аймақтардың (Еуропа, Азия, дамушы елдер) сапаны басқару модельдері жоғарыда аталған үш өлшемді үлгі арқылы салыстырылып, олардың артықшылықтары, шектеулері және жергілікті контекстке енгізілу мүмкіндіктері анықталды. Талдау барысында сапалық шешімдердің негіздемесі ретінде сарапшылар пікірінің маңыздылығы ескерілді, атап айтқанда (Cabrerоs & Barbacena, 2024) көрсет-

кендей: «Делфи сияқты келісімге келу әдістері білім беру процестерінің сарапшылар келісіміне негізделуін қамтамасыз етеді» (б. 40). Сонымен қатар, жергілікті жағдайларға бейімделудегі нақты қиындықтар мен сәтті стратегиялар мысалдар арқылы ашылып, теориялық талдау мен практикалық тәжірибе арасындағы байланыс күшейтілді.

### 1. Халықаралық тәжірибелердің талдауы мен модельдері

Әлемдік тәжірибе сапаны басқарудың төрт негізгі моделін көрсетеді. Нормативтік-стандарттау моделі (Германия, Аустралия) нақты стандарттар мен қатаң мониторингке негізделген. Алайда, (Hodkinson, 1998) былай дейді: «Бұл техникалық ұтымды режим мұғалімдер мен оқытушыларды негізінен берілген контекстерде сынсыз жұмыс істейтін... техникер ретінде басқаруды ұстанады» (б. 199). Мұғалім кәсіптілігін нығайту моделі (Корея) сапаны арттырудың кілті ретінде мұғалімнің кәсіби дамуын көздейді. (Kwak, 2019) атап көрсеткендей: «Мұғалімдер сапасын жақсарту үшін оқытушының барлық кәсіби мансабын қамтитын үйлесімді саяси күш-жігер қажет». Өндіріспен серіктестік моделі (Филиппин) кәсіпорындармен тығыз байланысты талап етеді. (Cabrerоs & Barbacena, 2024) былай дейді: «Кергілерге мыналар жатады: қаржыландырудың, инфрақұрылымның... жеткіліксіздігі» (б. 38).

Жүйелік-бағдарламалық модель



(Қазақстанда ISO 9001) кәсіпорын стандарттарын білім беруге бейімдеуді көздейді. Бірақ (Abayduallaeva & Armiya, 2025) түйіндейді: «ҚР жоғары оқу орындарында енгізілген сапа менеджменті жүйесі... оқу процесінің сапасын толық қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз құрал болып табылады» (б. 161-175). Осы модельдердің әрқайсысы өз мәдени-институционалдық контекстінде әрекет етеді және Zhanguzhinova (2018, б. 27) анықтағандай, кәсіби құзыреттілікті – «білім, дағдылар мен көзқарастардың кешенді сипаттамасын» дамытуды көздейді.

**2. Жергілікті бейімдеудің кедергілері мен стратегиялары**  
Халықаралық тәжірибені жергілікті жағдайға бейімдеу төрт негізгі кедергіні жеңуді талап етеді. Бірінші кедергі – мәдениет айырмашылықтары. (Abayduallaeva & Armiya, 2025) атап көрсеткендей: «Қазақстанда мұғалім көшбасшылығы 'жобаға негізделген зерттеу' моделімен сипатталса, Қытайда 'жүйеге сіңірілген жоғарылау' моделі басым». Екінші кедергі – институционалдық қуаттылықтың жетіспеушілігі. (Ayonmike et al, 2015) былай дейді: «КББ бағдарламаларын жеткілікті қаржыландыру; КББ мұғалімдерін оқыту... қажет» (Андатпа). Үшінші кедергі – мұғалімдер даярлау жүйесінің сапасы. Ersultanova & Alshurina, (2025) атап көрсеткендей: «Халықаралық тәжірибе Қазақстанға педагогикалық аттестациялау жүйесін

жетілдіруге мүмкіндік береді» (б. 2). Төртінші кедергі – өндіріспен байланыстың әлсіздігі. (Abayduallaeva & Armiya, 2025) былай дейді: «Жоғары оқу орны мен өндіріс арасындағы тығыз байланыстың болмауы... алшақтықты одан әрі арттыруға әкеліп соғуы мүмкін» (б. 2).

Осы кедергілерді жеңу үшін контекстке байланысты стратегиялар қажет. Біріншіден, халықаралық тәжірибені ескере отырып, бірақ жергілікті ерекшеліктерге сәйкес стандарттар әзірлеу керек. (Wang & Liu, 2021) атап көрсеткендей, кәсіби құзыреттілік үш деңгейді (негізгі, мамандық, ауыстырылатын) қамтиды. (Sun, 2022) былай деп түйіндейді: «Стандарттар жүйесін жетілдіру... кәсіптік білім беру мұғалімдерінің стандарттарын қамтиды» (б. 9). Екіншіден, мұғалімдердің кәсіби дамуына баса назар аудару керек. Үшіншіден, мектеп-өндіріс серіктестігін нығайту қажет. Төртіншіден, сандық көрсеткіштерден гөрі сапалы нәтижелерді бағалайтын кешенді мониторинг жүйесін енгізу керек.

### **Қорытынды**

Кәсіптік білім берудегі сапаны басқару тек қарапайым әкімшілік процедура емес, күрделі және контекстке байланысты мәселе болып саналады. Зерттеу көрсеткендей, халықаралық тәжірибе сапаны басқарудың бірнеше модельдерін ұсынғанымен, олардың ешқайсысы жалпықолданымды шешім ретінде қарас-



тырылмайды. Шынайы сәттілік осы модельдердің негізгі принциптерін отандық шындыққа терең бейімдеу қабілетіне тікелей байланысты. «Мәдениет – институт – іс-әрекет» моделі бойынша жүргізілген талдау, тиімді сапаны басқару жүйесінің тек сыртқы стандарттар мен процедура-ларды енгізуден гөрі әлдеқайда кең маңыздылыққа ие екенін ашып көрсетеді. Ол ең алдымен, қоғамның кәсіптік білімге деген құндылықтық көзқарасын өзгертуді, сондай-ақ институционалды құрылымдарды нығайтуды және мұғалімдерді өзгерістердің белсенді агенттеріне айналдыруды талап етеді. Осыған орай (Hodkinson, 1998) атап көрсеткендей, «мұғалім-оқытушы кәсіптілігін арттыру күрделі мәселелерді шешудің қажетті компоненті болып табылады». Сондықтан, кәсіптік білім сапасын дамытудың болашағы шетелдік үлгілерді механикалық түрде көшіруде емес, олардың түпкілікті мәнін түсініп, оны жергілікті білім беру тәжірибесінің өзіндік ерекшеліктерімен шығармашылық түрде синтездеуде жатыр.

### Әдебиеттер:

1. Abayduallaeva, A., Armiya, K., Nysan, N., & Kusaiyn, K. (2025). Қазақстан және Қытай білім беру жүйесіндегі мұғалім көшбасшылығына салыстырмалы талдау. Педагогикалық журнал, \*11\*(209), 6–10.
2. Aldabergenova, S. S., Izbhanova, A. A., Ayazbayeva, A. B., Akizhanova,

- A. A., & Serekrayeva, M. A. (2025). Основные механизмы обеспечения качества учебного процесса в вузе. *Gumilyov Journal of Pedagogy*, \*4\*(153), 161–175.
3. Ayonmike, C. S., Okwelle, P. C., & Okeke, B. C. (2015). Towards quality technical vocational education and training (TVET) programmes in Nigeria: Challenges and improvement strategies. *Journal of Education and Learning*, 4(1), 25–34.
4. Cabrerros, B. S., & Barbacena, C. B. (2024). Management framework for quality assurance to strengthen technology and TVET pre-service teacher education. *Journal of Technical Education and Training*, 16(2), 37–54.
5. Ersultanova, T. S., & Alshurina, S. S. (2025). Assessment of teachers' knowledge in the technical education system of Kazakhstan: International experience and standards. *Pedagogical Measurements*, 2(2), 1–12.
6. Hodkinson, P. (1998). Technicism, teachers and teaching quality in vocational education and training. *Journal of Vocational Education & Training*, 50(2), 193–208.
7. Kwak, Y. (2019). Secondary school science teacher education and quality control in Korea based on the teacher qualifications and the teacher employment test in Korea. *Asia-Pacific Science Education*, 5(14), 1–14.
8. Wang, X., & Liu, Y. (2021). The foundation and direction of high-quality development of vocational education. *Education Science*, 37(5), 21–28.



9. Sun, C. (2022). The connotation, characteristics and promotion strategies of high-quality development of vocational education in the new era. Chinese Vocational and Technical Education, (3), 5-12.
10. Zhanguzhinova, M. Y. (2018). Formation of the Professional competence of students – future teachers of vocational training in the system of higher education in

Kazakhstan (Doctoral dissertation). Rezekne Academy of Technologies.

Ван ЧАНЦЗИ,  
Фу ЮЙЦЗЯ,  
Е БАЙФЭЙ,

Әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университеті,  
«7М04134 – Педагогика.

Білім берудегі менеджмент»  
білім беру бағдарламасының

1-курс магистранттары.

Алматы қаласы



## Бастауыш мектепте математика сабағында танымдық іс-әрекетті жандандырудың педагогикалық негіздері: АКТ мен жасанды интеллект құралдары

### Аннотация

Бұл мақалада бастауыш мектепте математика пәнін оқыту барысында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мәселесі қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде оқыту сапасын жақсарту, оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, олардың оқу мотивациясын күшейту және алған білімдерін тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру ерекше маңызға ие.

Осы тұрғыда зерттеуде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын қолданудың ғылыми-теориялық және практикалық негіздері талданады. Зерттеудің мақсаты – АКТ мен жасанды интеллекттің бастауыш сынып оқушыларының математикалық білімді меңгеруіне, танымдық белсенділігіне және дербес жұмыс жасау қабілетіне әсерін анықтау.

Зерттеу барысында теориялық талдау, педагогикалық бақылау, салыстыру және тәжірибелік жұмыстар нәтижелерін талдау әдістері қолданылды. Нәтижесінде цифрлық құралдар мен жасанды интеллектке негізделген тапсырмалар оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, оқу материалын саналы түрде меңгеруіне ықпал ететіні анықталды.

**Кілт сөздер:** бастауыш мектеп, математика пәні, танымдық іс-әрекет, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, жасанды интеллект, цифрлық білім беру ортасы, оқу мотивациясы, логикалық ойлау, интерактивті оқыту, оқытуды дараландыру.



### Кіріспе

Қазіргі таңда білім беру жүйесі қарқынды өзгерістер кезеңін бастан кешіруде. Ақпараттық қоғам жағдайында білім алушылардан тек дайын ақпаратты игеру ғана емес, оны талдау, жүйелеу және өмірлік жағдаяттарда тиімді пайдалану қабілеті талап етіледі.

Бастауыш мектеп – оқушының тұлғалық және интеллектуалдық дамуының негізі қаланатын маңызды кезең. Осы кезеңде оқушылардың танымдық белсенділігі, оқу мотивациясы және логикалық ойлау қабілеттері қалыптасады. Әсіресе, математика пәні ойлау мәдениетін дамытуда ерекше орын алады.

Дегенмен, дәстүрлі оқыту әдістері қазіргі цифрлық буын оқушыларының қажеттіліктерін толық қанағаттандырмайды. Сондықтан оқыту үдерісін жаңғырту, оны интерактивті, икемді және оқушыға бағытталған ету қажеттілігі туындайды.

Осыған байланысты АКТ мен жасанды интеллект технологияларын қолдану бастауыш білім берудің тиімділігін арттырудың маңызды құралы болып табылады.

### Ғылыми-теориялық негіздер

Танымдық іс-әрекет – тұлғаның қоршаған ортаны саналы түрде қабылдауға және түсінуге бағытталған белсенді әрекеті. Ол ойлау, есте сақтау, қабылдау, талдау сияқты психикалық процестердің өзара байланысы арқылы жүзеге асады.

Заманауи педагогикада оқушы белсенді субъект ретінде қарастырылады. Осыған сәйкес оқыту үдерісі оқушының дербестігін, мотивациясын және практикалық дағдыларын дамытуға ба-

ғытталуы тиіс.

АКТ құралдары оқу материалын визуализациялауға, интерактивті орта қалыптастыруға және оқу нәтижелерін жедел бағалауға мүмкіндік береді. Ал жасанды интеллект технологиялары оқытуды дараландыруға, яғни әр оқушының ерекшеліктеріне бейімдеуге жағдай жасайды.

Бұл технологияларды біріктіре қолдану оқыту сапасын арттырып, оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

### Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

- ғылыми әдебиеттерді талдау;
- педагогикалық бақылау;
- салыстырмалы талдау;
- тәжірибелік-эксперименттік жұмыс.

Эксперимент кезінде дәстүрлі және цифрлық оқыту әдістерінің тиімділігі салыстырылды.

### Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижелері келесіні көрсетті:

- оқу материалының түсініктілігі артты;
- оқыту дараландырылды;
- жедел кері байланыс тиімді ұйымдастырылды;
- оқушылардың пәнге қызығушылығы өсті;
- өзіндік жұмыс дағдылары дамыды.

Сонымен қатар, мұғалімнің цифрлық құзыреттілігі шешуші фактор екені анықталды.

### Практикалық бөлім

Зерттеу барысында бастауыш мектептің 4-сыныбында тәжірибелік сабақ



ұйымдастырылып, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарының тиімділігі тәжірибе жүзінде тексерілді. Сабақ құрылымы заманауи педагогикалық талаптарға сәйкес жоспарланып, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталды.

Сабақ барысында интерактивті тақта, цифрлық оқу платформалары және жасанды интеллектке негізделген тест жүйелері қолданылды. Оқу тапсырмалары әр түрлі деңгейде ұсынылып, оқушылардың жеке ерекшеліктері мен білім деңгейі ескерілді. Сонымен қатар, сабаққа ойын элементтері енгізіліп, оқушылардың қызығушылығын арттыруға ерекше көңіл бөлінді.

Практикалық жұмыстың нәтижелері оқушылардың оқу белсенділігінің артқанын көрсетті. Атап айтқанда, тапсырмаларды орындау жылдамдығы жоғарылап, қателер саны азайды. Оқушылардың математикалық ұғымдарды түсіну деңгейі жақсарып, өз бетінше жұмыс жасау дағдылары қалыптаса бастады. Сонымен қатар, оқушылар сабаққа белсенді қатысып, топтық жұмыстар барысында өзара қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытты.

Бұл тәжірибелік жұмыс АКТ мен жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдану бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда маңызды рөл атқаратынын нақты дәлелдеді.

### **Практикалық ұсыныстар**

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, бастауыш мектепте математиканы оқыту үдерісін жетілдіру мақсатында келесі ұсыныстар берілді:

1. Оқу процесінде цифрлық білім беру ресурстарын жүйелі және мақсатты түрде қолдану;

2. Жасанды интеллект құралдары арқылы оқу тапсырмаларын саралап, оқушылардың жеке ерекшеліктеріне бейімдеу;

3. Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін арттыруға бағытталған арнайы курстар мен тренингтер ұйымдастыру;

4. Сабақта геймификация элементтерін енгізу арқылы оқушылардың оқу мотивациясын күшейту;

5. Интерактивті оқыту әдістерін кеңінен пайдалану және оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету;

6. Оқу нәтижелерін жедел бағалау және кері байланысты тиімді ұйымдастыру.

Аталған ұсыныстарды тәжірибеде қолдану оқыту сапасын арттыруға және оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын бастауыш мектепте математиканы оқыту үдерісіне енгізу білім беру сапасын арттырудың тиімді жолдарының бірі болып табылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұл технологияларды қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, оқу процесін жетілдіруге және білімді терең меңгеруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, АКТ мен жасанды интеллект құралдары оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытып, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Интерактивті оқыту ортасының қалыптасуы оқу процесін қызықты әрі тиімді етіп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.



Зерттеу барысында мұғалімнің рөлі ерекше маңызды екені анықталды. Цифрлық технологияларды тиімді қолдану педагогтың кәсіби шеберлігіне, әдістемелік дайындығына және цифрлық сауаттылығына тікелей байланысты. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінде мұғалімдердің кәсіби дамуына ерекше көңіл бөлу қажет.

Жалпы алғанда, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен жасанды интеллектті үйлестіре қолдану бастауыш мектепте математиканы оқытудың тиімділігін арттырып, білім беру үдерісін жана сапалық деңгейге көтереді.

#### Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі. (2022). Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.
2. Mayer, R. E. (2020). *Multimedia Learning* (3rd ed.). Cambridge University Press.
3. Mayer, R. E., & Fiorella, L. (Eds.). (2021). *The Cambridge Handbook of Multimedia Learning* (3rd ed.). Cambridge

University Press.

4. Luckin, R., Holmes, W., Griffiths, M., & Forcier, L. B. (2022). *Intelligence Unleashed: An Argument for AI in Education*. Pearson / CRC Press.

5. Miao, F., Holmes, W., Huang, R., & Zhang, H. (2021). *AI and Education: Guidance for Policy-Makers*. UNESCO.

6. UNESCO. (2023). *Guidance for Generative AI in Education and Research*.

7. OECD. (2024). *Digital Education Outlook: AI in Education*. OECD Publishing.

8. Borgonovi, F., et al. (2025). *AI Adoption in Education Systems*. OECD.

**Асель Кабиловна БИСЕНКУЛОВА,**  
**Х. Досмұхамедов атындағы**  
**Атырау университеті «Білім берудегі**  
**менеджмент» магистрлік білім**  
**беру бағдарламасының 1-курс**  
**магистранты.**

**Н.С. ЖУМАШЕВА,**  
**ғылыми жетекші, э.ғ.к.,**

**Х. Досмұхамедов атындағы Атырау**  
**университеті профессоры.**  
**Атырау қаласы**



## Әлемдік білім беру трендтері: дәстүрлі оқытудан цифрлық инновацияларға

Жаһандық цифрландыру дәуірінде білім беру жүйесі қарқынды өзгерістер кезеңін бастан өткеруде. Ғаламдану, технологияның дамуы және ақпараттық қоғамның қалыптасуы оқыту тәсілдеріне жана талаптар қойып отыр. Дәстүрлі

оқыту үлгісінен цифрлық инновацияларға көшу – уақыт талабы және білім сапасын арттырудың негізгі жолдарының бірі. Дәстүрлі оқыту жүйесі ұзақ уақыт бойы білім берудің басты формасы болып келді. Бұл жүйеде оқытушы негіз-



гі ақпарат көзі ретінде қарастырылып, білім алушылар көбінесе тыңдаушы рөлін атқарды. Сабақтар көбіне теориялық материалды түсіндіруге және оны жаттауға бағытталды. Алайда қазіргі заман талаптарына сәйкес, оқушы тек тыңдаушы емес, белсенді, ізденімпаз тұлға болуы тиіс. Цифрлық технологиялардың дамуы білім беру жүйесіне үлкен өзгерістер әкелді. Онлайн платформалар, қашықтан оқыту, интерактивті құралдар білім алушылардың мүмкіндіктерін кеңейтті. Білім алу процесі енді икемді, қолжетімді және қызықты бола түсті.

Қазіргі білім беру трендтерінің бірі – білім алушыларға бағытталған оқыту. Бұл тәсілде білім алушы белсенді рөл атқарады, ал оқытушы бағыт беруші болады. Осыған байланысты сабақтарда инновациялық ойын технологияларын қолдану ерекше маңызға ие. Білім алушылар арасында кеңінен қолданылатын инновациялық ойындардың бірі – геймификация. Бұл әдіс сабаққа ойын элементтерін енгізу арқылы қызығушылықты арттырады. Мысалы, ұпай жинау, деңгейден өту, марапат алу сияқты тәсілдер студенттердің белсенділігін күшейтеді. Сонымен қатар, Word wall, Joyteka, Kahoot, Quizizz сияқты онлайн викториналық ойындар білімді тексерудің тиімді әрі қызықты жолы болып табылады. Бұл платформалар арқылы студенттер

жарыс түрінде сұрақтарға жауап беріп, өз білімдерін тексереді.

Тағы бір тиімді әдіс – рөлдік ойындар. Бұл әдісте білім алушылар белгілі бір жағдайды сахналап, кәсіби дағдыларын дамытады.

Case-study әдісі де кеңінен қолданылады. Бұл ойын түрінде білім алушылар нақты өмірлік жағдайларды талдап, шешім қабылдауға үйренеді. Сонымен қатар, дебат ойындары сыни ойлау мен өз ойын дәлелдей білу қабілетін дамытады. Сондай-ақ, виртуалды тәжірибелер білім алушыларға қауіпсіз ортада тәжірибе жасауға мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, медицина, аспаздық, техникалық мамандықтар үшін өте тиімді. Қорытындылай келе, әлемдік білім беру жүйесі дәстүрлі оқытудан цифрлық инновацияларға қарай дамып келеді. Инновациялық ойындар білім алушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық, сыни ойлау және кәсіби дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Болашақта білім беру одан әрі жетілдіріліп, заманауи талаптарға сай жаңа деңгейге көтеріледі.

**Меруерт Баглановна  
КУРУМБАЕВА,**

**«Алматы облысының қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар колледжінің» арнайы пән оқытушысы.  
Алматы қаласы**



## Тиімді кері байланыс әдістері арқылы оқушының математикалық сауаттылығын арттыру

### Андатпа

Мақалада оқушылардың математикалық сауаттылығын дамытуда тиімді кері байланыс әдістерін қолдану қарастырылады. Іс-әрекеттегі зерттеу барысында сабақ үдерісіне әр түрлі кері байланыс стратегиялары енгізіліп, олардың оқушылардың оқу жетістігіне, танымдық белсенділігіне және өзіндік бақылау дағдыларына әсері талқыланды. Нәтижелер кері байланысты жүйелі қолдану білім сапасын арттыруда тиімді екенін көрсетті.

**Кілт сөздер:** кері байланыс, математикалық сауаттылық, қалыптастырушы бағалау, іс-әрекеттегі зерттеу, оқыту әдістері.

### Кіріспе.

Білім беру мазмұнының жаңаруы оқушылардың тек теориялық білімін емес, оны өмірде қолдану қабілетін қалыптастыруды талап етеді. Математикалық сауаттылық — білім сапасының маңызды көрсеткіші болып табылады, себебі ол логикалық ойлау, есептеу дағдылары және өмірлік жағдайларда математикалық модельдерді қолдану қабілетін қамтиды. Көптеген оқушылар формулаларды және алгоритмдерді меңгергенімен оларды практикада тиімді қолдана алмайды. Осы мәселені шешудің тиімді жолдарының бірі — сабақ барысында жүйелі және мақсатты кері байланыс ұйымдастыру.

Зерттеу іс-әрекетті зерттеу әдісі бойынша жүргізілді. Бұл әдіс нақты нәтижелер алуға мүмкіндік берді.

**Зерттеу өзектілігі:** Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде математикалық сауаттылықты арт-

тыруға ерекше көңіл бөлінуде. Сонымен қатар, қалыптастырушы бағалау мен кері байланыс білім беру үдерісінің маңызды құрамдас бөліктеріне айналуға. Кері байланыс оқушылардың білімін жүйелі түрде бағалауға, олардың күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, ал біліміндегі олқылықтарды жоюға мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, 7-сыныпта оқушылардың білімді меңгеру деңгейі мен дағдыларының қалыптасуы үшін шешуші кезеңде маңызды.

**Зерттеу объектісі:** Зерттеу жұмысы 7-сынып оқушыларымен жүргізілді. Математикалық сауаттылықты арттыру мақсатында кері байланыс әдістерінің тиімділігі зерттелді. Зерттеу барысында әр түрлі сабақтар мен оқу тапсырмалары қоланылды. Оқушылардың математикалық сауаттылығы мен танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған тиімді кері байланыс әдістері қолданылды.



**Зерттеу мақсаты:** Тиімді кері байланыс әдістері арқылы оқушылардың математикалық сауаттылығы қалай жақсартуға болады?

**Зерттеу кезендері:**

**1. Бастапқы кезең. Диагностика.**

Зерттеу кезеңінің басында оқушылардың математикалық сауаттылығын бағалау мақсатында сауалнама және диагностикалық тест жүргізілді. Мұнда оқушылардың негізгі математикалық дағдылары (есеп шығару, есептерді түсіну, формулаларды қолдану) мен кері байланыс алу қабілеті анықталды.

**2. Сабақтың әр кезеңінде кері байланыс жүйелі түрде жүргізілді.**

- сабақтың басында оқушылардың бастапқы білімін анықтап, өздеріне кері байланыс беру үшін тапсырмалар жасалды;

- сабақ соңында оқушылардың жетістіктері мен кемшіліктері бойынша жедел кері байланыс ұйымдастырылып, оларға өз қателіктерін түсінуге мүмкіндік беріліп отырылды;

- оқушыларға жеке кері байланыс беру үшін «екі жұлдыз, бір тілек» әдісі қолданылды. Бұл әдіс оқушылардың күшті тұстарын көрсетуге және дамытуды қажет ететін аймақтарды анықтауға көмектесті;

- топтық кері байланыс арқылы оқушылар өздерінің және бір-бірінің тапсырмаларын талқылап, өзара пікір алмасуға үйренді;

- оқушылар өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту үшін оларға тапсырмаларды орындағаннан кейін өз

нәтижелерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік берілді;

- сыныптық талқылау кезінде әрбір оқушы өз қатесін түзетуге тырысты.

**3. Қорытынды кезең.** Зерттеу соңында оқушылардың математикалық сауаттылығы қайтадан бағаланды. Сабақтар мен кері байланыс нәтижелерінің негізінде оқушылардың білім деңгейі мен дағдыларының өзгеруі сарапталды. Кері байланыс әдістері оқушылардың танымдық белсенділігіне, өзін-өзі бақылау дағдыларының дамуына айтарлықтай әсер еткені анықталды. Оқушылардың математикалық сауаттылығы 20%-ға артты. Кері байланыс алған оқушылар өз қателерін түсініп, математикалық есептерді дұрыс шешуге дағдыланды. Оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейі артты, әрі олардың әр сабақтағы белсенділігі жоғарылады.

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 7-сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын артыруда кері байланыс әдістері маңызды рөл атқарды. Оқушылар кері байланыс алған кезде өз білімдерін тереңірек түсініп, есептерді дұрыс шеше алды. Бұл әдіс оқу сапасын арттыруға, оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамытуға септігін тигізді.

**Әдебиеттер:**

1. Black P., Wiliam D. Assessment and Classroom Learning.
2. Мұқанова А.Қ., Баймұратова



Н.Ж. Математикалық сауаттылықты дамыту жолдары//Білім беру мәселелері: теориясы мен тәжірибесі. 2020.

3. Сәтімбекова К.Ш. Қалыптастырушы бағалау және кері байланыс: теория мен практика. – Алматы; Дарын, 2018.

4. Мұқашева Р.М. Математика сабағында кері байланысты тиімді

пайдалану. – Алматы: Республикалық баспа, 2017.

**Лаура Зайнулкабиденовна  
РАХМЕТОВА,  
ЖМБ НЗМ математика пәнінің  
мұғалімі.  
Петропавл қаласы,  
Солтүстік Қазақстан облысы**

## Қоғам ұстазға қаншалықты құрмет көрсетіп жүр?

Әр мемлекеттің болашағы – оның білімінде, ал білімнің жүрегі – ұстаз екені даусыз. Біз оны сөз жүзінде «ұлы есім» деп құрметтейміз. Ал іс жүзінде ше? Шынымен қоғам ұстазға лайықты құрмет көрсетіп жүр ме?

Ұстаз – ұрпақтың жүрегіне жол табатын жарық шамшырақ. Оның әр сөзі – даналық, әр ісі – тәрбие мен ізгілік үлгісі. Мектеп партасында ғана емес, өмірдің әр сәтінде шәкірт бойында із қалдырады. Ұстаздың еңбегі – қоғамның болашағын қалыптастыратын іргетас. Әр шәкірттің бойындағы тәртіп, ойлау қабілеті мен адамгершілік – ұстаздың үлгісінен туады. Сондықтан ұстазға деген шынайы құрмет – тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде көрінуі тиіс.

Қазақ танымында ұстаз әрқашан төрден орын алған. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деп бекер айтылмаса керек. Көшпелі қоғамда балаға жөн сілтеген ақсақал да, әріп танытқан молда да, кейінгі мектеп

мұғалімі де – барлығы рухани жетекші саналды. Ұстазға қарсы сөйлеу – тәрбиесіздік, сөз қайтару – әдепсіздік, ал қол көтеру – кешірілмес күнә деп бағаланатын. Бүгінгі қоғамда бұл өлшемдер сақталды ма?

Соңғы жылдары мемлекет деңгейінде ұстаз мәртебесін көтеруге бағытталған маңызды қадамдар жасалды. Педагогтың құқықтық қорғалуын күшейту, артық есеп-қисаптан босату, жалақыны арттыру – мұның бәрі заң жүзінде бекітілді. Бұл – ұстаз еңбегінің мемлекет тарапынан мойындалуы болатын. Заң ұстазды қорғайды. Бірақ заң құрметті мәжбүрлей алмайды. Құрмет – жүректен туатыны анық.

Қоғамдағы шынайы жағдайға көз салсақ, күрделі көріністі байқаймыз. Бүгінде кейбір ата-ана баласының төмен бағасын әділетсіздік деп қабылдайды. «Менің балам қателеспейді» деген түсінік кең таралған. Соның салдарынан ұстаздың кәсіби



шешіміне күмән келтіріліп, мектеп басшылығына шағым айту, мұғалімді ауыстыруды талап ету жиілеп барады. Бұл – бір ғана ұстаздың емес, бүкіл педагог беделінің әлсіреуіне әсер ететін бір ғана құбылыс.

Баға – кек алу құралы емес. Баға – білімнің өлшемі екені анық. Ал оны әділ қою – ұстаздың кәсіби міндеті болып саналады. Егер әр төмен баға дауға айналса, мұғалім білім берушіден гөрі, бәріне жағуға тырысатын қызметкерге айналып кетпей ме? Бұл – өте қауіпті тенденция болмақ.

Тағы бір аландатарлық мәселе – ұстазға дәрекі сөйлеу, тіпті кей жағдайларда күш көрсету оқиғаларының жиі кездесуі. Мұндай әрекеттер тек бір адамның емес, бүкіл қоғамның рухани деңгейін көрсетеді. Баланың ұстазға тіл тигізуі – оның үйінде көрген тәрбиесінің айнасы. Ұстазға қол көтеру – ұлт болашағына қол көтерумен тең.

Әлеуметтік желілердің дамуы да жағдайды күрделендірді. Қазіргі таңда кез келген келіспеушілік көпшілік алдында жарияланып, ұстаз беделі онай сыналады. Кәсіби этика, сыйластық шекарасы жиі бұзылады. Бір сәттік эмоция ұзақ жылдық еңбекті жоққа шығарытынын да байқауымызға болады.

Неліктен бұлай болды?

Біріншіден, қоғамда материалдық құндылықтардың алдыңғы орынға шығуы рухани мамандықтардың қадірін төмендетті. «Табысы жоғары мамандық – беделді мамандық» деген түсінік қалыптасты. Ал ұстаздық – байлық жинайтын емес, болашақ қалыптастыратын кәсіп екені белгілі.

Екіншіден, ата-ана мен мектеп

арасындағы жауапкершілік тепе-теңдігі бұзылды. Бала тәрбиесі – екі жақтың ортақ міндеті. Егер ата-ана ұстазды баласының көзінше сынаса, бала ұстазды қалай құрметтемек?

Үшіншіден, құрмет ұғымының өзі өзгеріп бара жатқандай. Бұрын құрмет – үнсіз мойындау, ізет, әдеп арқылы көрінсе, қазір ол тек мерекелік құттықтаумен шектеліп қалатын секілді. Бір күн гүл сыйлап, қалған уақытта сенімсіздік таныту – бұл шынайы құрмет емес.

Дегенмен үміт бар. Қоғамда ұстаз еңбегін шын бағалайтын ата-аналар да, шәкірттер де аз емес. Өз мұғалімін өмірлік бағыттаушысы деп білетін, алғыс айтудан жалықпайтын жастар бар. Ұстазды қорғау жөніндегі заңдардың қабылдануы – мемлекеттің дұрыс бағыт ұстанғанының белгісі. Бірақ ендігі өзгеріс әр отбасының ішінен басталуы тиіс.

Құрмет – талаппен қатар жүреді. Ұстаз да кәсіби деңгейін көтеріп, әділ әрі жаңашыл болуы керек. Ал қоғам оған сенім артуы тиіс. Сенім мен сыйластық болған жерде ғана білім мен парасаттылықты, құрметті ұштастыра алатынымыз анық.

Сонда біз шынымен ұстазды құрметтеп жүрміз бе?

Жауап біржақты емес. Біз сөзбен құрметтейміз. Заңмен қорғаймыз. Бірақ күнделікті қарым-қатынаста кейде сол құрметті жоғалтып аламыз. Егер ұлт болашағын ойласақ, ұстаз беделін сақтау – баршамыздың ортақ міндетіміз екенін түсінуіміз керек. Ұстазға деген құрмет – бір мамандыққа емес, өз болашағымызға көрсетілген құрмет болар еді.

Ұстаз – ұрпаққа жол көрсететін шамшырақ, білім мен тәрбие ірге-



тасын қалаушы. Қазіргі таңда оның еңбегі заңмен қорғалуда, жалақысы өсірілді, әлеуметтік мәртебесі артты. Алайда, сөз жүзінде ғана емес, күнделікті қарым-қатынаста да ұстазға көрсетілген шынайы құрмет өкінішке орай әлі күнге жеткіліксіз. Төмен бағаға немесе тәртіпке сын айтқаны үшін кейде мұғалімге қысым жасалады, бұл – қоғамның әлсіздігін көрсетеді. Ұстаздың әр сөзі – білім мен болашаққа инвестиция, бірақ сол құндылыққа лайық бағалау әділдікпен, жүректерде көрінуі тиіс. Егер ұстаздың беделі сыналса, оның кәсібилігі мен шығармашылығы да төмендейді, ал ұрпақ не ұғынатыны айтпаса да түсінікті. Құрмет тек гүл мен құттықтауда ғана емес, күнделікті сыйластық, сенім, әділдік

арқылы көрінсе бұл қоғам жақсы жағына өзгеретіні анық. Ұстаздың еңбегін шынайы бағаламай, біз өзіміздің болашағымызға залал келтіреміз. Білім мен тәрбиеге жасалған инвестиция – ұстазға деген сенім мен құрмет арқылы ғана жемісті болмақ. Сондықтан әрбір шәкірт, ата-ана және қоғамның өзі ұстаздың мәртебесін қорғап, қадірлеуді күнделікті іс-қимылымен көрсетуі – болашаққа жасалған ең маңызды қадам.

**Еркебұлан ДАЙРАБАЙ,**

**Созақ аудандық**

**кітапханасының библиографы.**

**Түркістан облысы**



## **Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуда химия сабағында PISA тапсырмаларының тиімділігі**

Әрбір мұғалімнің негізгі мақсаты – сабақ сапасын арттыру, оқыту әдістерін жетілдіру, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын ояту және олардың танымдық, ізденушілік қабілеттерін дамыту. Қазіргі жаңа экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайларда Қазақстан білім беру жүйесінің алдында білім сапасын арттыруға бағытталған маңызды міндеттер тұр. Осыған байланысты педагогикалық үдеріс мұғалімнен

жаңашылдықты, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануды талап етеді. Қазіргі педагогикадағы жаналықтарды пән ерекшелігіне сай тиімді қолдану – сапалы білім берудің басты шарты. Бүгінгі таңда жеке тұлғаға бағытталған және нәтижеге негізделген білім беру жүйесі өз тиімділігін дәлелдеп отыр. Нәтижеге жету жолындағы ізденіс – әрбір мұғалімнің кәсіби міндеті. Осы тұрғыда химия сабағында оқушылардың зерттеушілік дағды-



ларын дамыту мақсатында PISA тапсырмаларын қолдану ерекше маңызға ие. Себебі тәжірибе көрсеткендей, оқушылардың көпшілігі тек білу және түсіну деңгейіндегі тапсырмалармен шектеліп қалады. Ал PISA тапсырмалары оқушылардың талдау, мәселені шешу, қорытынды жасау және бағалау сияқты жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған.


Химия сабағында PISA форматындағы тапсырмаларды жүйелі қолдану арқылы оқушылардың білімін өмірмен байланыстыруға мүмкіндік туады. Бұл тапсырмалар оқушыларды тек теориялық біліммен шектемей, оны күнделікті өмірде қолдануға үйретеді. Сонымен қатар, мұндай тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың зерттеушілік қабілеттерін дамытады. Осылайша, химия сабағында PISA тапсырмаларын тиімді пайдалану оқушылар-

### Тапсырма 1:


**Қызылжидекке мынадай емдік қасиеттер тән.**

Қызылжидектің құрамында 11-12%-ға дейін қант бар, оның басым бөлігін фруктоза құрайды. Жидектердің құрамынан алма, лимон, бензол, сүт, салицил, сірке суы және басқа да органикалық қышқылдар табылған. Қызылжидектің құнды ерекшелігінің бірі бензой қышқылының антисептикалық әсерінен өз қасиетін жоймай, ұзақ уақыт бойы жаңа күйде сақталуы болып табылады. Сондай-ақ, жемістің құрамында аскорбин қышқылы (С дәрумені) бар. Қызылжидекті қолдану қант диабеті, асқазан сөлінің қышқылы төмен болғанда және басқа да аурулардың алдын алу үшін құнды болып табылады. Және қызылжидектен тамақ бояулары дайындалады.


1.1. Фруктозаның қандай формуласы бар? Дұрыс жауапты көрсетіңіз




1



2



3



4

дың функционалдық сауаттылығын қалыптастырумен қатар, олардың ғылыми дүниетанымын кеңейтіп, өз бетімен іздену дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Мысалы келесі PISA тапсырмаларын ұсынамын:

1.2. Мәтінде көрсетілген барлық қышқылдардың формулаларын жазыңыз. Антисептикалық әсердің не екенін және оның қызылжидектің құрамымен қалай байланысы бар? Жаубын химиялық формулалар



және химиялық теңдеулермен сипаттаңыз.

1.3. Қызылжидектегі фруктозаның массалық үлесін 12%, 100 г қызылжидектегі фруктозаның зат мөлшерін есептеңіз. (Дұрыс жауапты таңдаңыз.)

0,08 моль

1

0,67 моль

2

0,06 моль

3

0,8 моль

4

### Тапсырма 2:

*Пластиктердің қоршаған ортаға әсері*

#### Мәтін:

Пластик қалдықтары табиғатта ұзақ уақыт ыдырамайды және экологиялық мәселелер туындатады.

#### Сұрақтар:

1. Пластиктердің табиғатта баяу ыдырау себебі неде?
2. Пластик жанғанда қандай зиянды заттар бөлінеді?
3. Пластик қалдықтарын азайту жолдарын ұсыныңыз.
4. Экологиялық таза материалдарды зерттеу бойынша жоба идеясын жазыңыз.

### Тапсырма 3:

Қалалар мен өндірістік орталықтары өзеннің немесе су қоймаларының суын қолданады және осындай орындарда міндетті түрде су тазартқыш құрылғылар болады.

3.1. Су тазарту сызбасын сызыңыз.

3.2. Судың ластануының негізгі түрлері, сондай-ақ осы ластаушы заттың негізгі себептерін жазыңыз.

Қорыта келгенде, кез келген оқу бағдарламасының тиімді жүзеге асырылуы оның оқушы өмірімен тығыз байланыста әрі түсінікті болуына тікелей байланысты. Дәстүрлі трансмиссиялық оқыту мен дайын ақпаратты жаттап алуға негізделген

тәсілдер білімді өмірлік жағдаяттардан алшақтатып, оқушылардың оны тәжірибеде қолдану мүмкіндігін шектейді. Сондықтан қазіргі білім беру үдерісінде қолданбалы, өмірмен байланысты тапсырмалардың үлесін арттыру маңызды. Осы тұрғыда химия сабағында PISA форматындағы тапсырмаларды қолдану — оқушылардың зерттеушілік дағдыларын, сыни ойлауын және функционалдық сауаттылығын дамытудың тиімді жолы болып табылады. Мұндай тапсырмалар оқушыларға оқу мақсатын терең түсінуге, білімді өмірлік жағдайларда қолдануға және өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылар оқу үдерісінің мәнін түсінген кезде ғана өз білімін, дағдысын және көзқарасын саналы түрде қалыптастыра алады. Бұл олардың өзіндік ізденісін арттырып, ғылыми дүниетанымының дамуына ықпал етеді. Осылайша, ғылым мен білімнің қазіргі даму кезеңі мектептегі оқыту үдерісін жаңғыртуды талап етеді. Сол талаптардың бірі — химия сабағында PISA тапсырмаларын жү-



йелі әрі мақсатты түрде қолдану арқылы оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту және білім сапасын арттыру болып табылады.

#### Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (27 шілде 2007 ж., 2024 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен).
2. «PISA-2022: Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау нәтижелері». – Астана: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2023.
3. Masharapuly, M. N. *PISA as a Mirror of Education Quality*:

*Achievements of Kazakhstan and Outlook for 2025*. – Central Asian Journal of Social Sciences and History, 2025.

4. «TIMSS және PISA халықаралық зерттеулерге оқушыларды дайындауға арналған есептер жинағы»: Жинақ - «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ. – Астана, 2023.

Гүлшат ТӨЛЕГЕН,  
«Сұлтанбек Қожанов атындағы  
№64 мектеп-лицейі» ШЖК  
МКК-нің  
химия пәні мұғалімі.  
Астана қаласы



## Интернаттық ұйымдардағы оқушылардың жаңа ортаға бейімделуі

Интернаттық ұйымдардағы білім беру мен тәрбиенің басым мақсаты – сыртқы әлеммен дұрыс қарым-қатынас жасауға, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға дайын тұлғаны дамыту. Осы мақсатқа жету үшін оқушының өміріндегі өтпелі кезеңге ерекше назар аудару керек. Осындай күрделі кезеңдердің бірі бейімделу кезеңі болып табылады, онда білім алушы жаңа мектеппен, оның ережелерімен, интернаттағы педагогикалық ұжыммен, жаңа қарым-қатынас шеңберімен және басқа да жаңа дүниелермен таны-

сады және солардың бәрін меңгеруге мәжбүр болады. Оқытудың жаңа жағдайларын дамытуды көздейтін жаңашылдық жағдайы оқушылар үшін белгілі бір дәрежеде аландышылық тудырады. Жаңа ортадағы түрлі талаптар, оқу ерекшеліктері мен шарттары, сынып ұжымындағы құндылықтар мен мінез-құлық нормалары және басқа да жаңашылдықтар туралы түсініктердің белгісіздігіне байланысты бала эмоционалды ыңғайсыздықты сезінеді.

Қазіргі психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде бейімделу



адамды өмірдің жаңа жағдайларына, талаптар мен бақылаудың жаңа жүйесіне, жаңа ұжымға қосылудың күрделі, көп факторлы процесі ретінде түсініледі. Профессор, ресейлік психолог В.А. Петровскийдің пікірінше, бейімделу тұлғаның қалыптасуының ерекше сәті, фазасы ретінде қарастырылады, оның одан әрі жеке дамуының сипаты осыған байланысты.

Интернаттық ұйымдардағы балалардың бейімделуі туралы айтатын болсақ, біз олардың қоршаған ортасына, қасындағы адамдарға бейімделуін және, керісінше, қоршаған орта мен айналасындағылардың балаларға деген қарым-қатынас пен қабылдаудағы іс-әрекеттер деп екі жақты қарастыру керек. Яғни, бұл екі жақты процесс. Нәтижелі бейімделуге қол жеткізу үшін коллаборациялық орта қалыптастыруымыз қажет. Бұндағы атмосфера топтық жұмыс, сенім және психологиялық жағымды жағдайлардан тұру керек.

Оқушы үшін жаңа ортадағы барлық жағдайларды ескере отырып, бейімделудің 2 түрін қарастырған жөн: психологиялық және әлеуметтік бейімделу. Бұл іріктеу оқу-тәрбие процесінде орын алатын байланыстар мен қарым-қатынастардың сипатына, сонымен қатар оны құру логикасына байланысты. Психологиялық және әлеуметтік бейімделу бір-бірімен тығыз байланысты, олардың кез келгенінің қалыптасуындағы кемшіліктер оқудың жетістігіне, оқушының әл-ауқаты мен

денсаулығына, оның үлгеріміне, мұғаліммен, сыныптастарымен қарым-қатынас жасау және мектеп ережелеріне сай бой түзеулеріне әсер етеді. Сол үшін интернаттық жүйедегі педагогтардың тарапынан болатын сауатты іс-әрекет пен қолдаудың маңызы өте зор.

Жаңадан ортаға енген оқушылардың бейімделу процесіне тиімді ықпал ететін түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, келесідей әдістер мен жұмыс түрлерін ұсынуға болады:

1. Диагностика (оқушылардың жеке іс қағаздарымен танысу, зерттеу түрлеріне байланысты тестілеу, сауалнамалар, оқушыны бақылау, оқушы бойынша мұғалімдерден сауалнама алу және т.б.);

2. Оқушымен жеке және топтық әңгімелер;

3. Оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтау, оларды үйірме жұмыстарына, түрлі шараларға тарту;

4. Ұжымдастыққа, ынтымақтас-тыққа арналаған тренингтер өткізу;

5. Түрлі тәрбиелік шаралар, интернаттың өзін-өзі басқару жұмысы және т.б. арқылы оқушыларды бейімделу процесіне тарту;

6. Оқушылардың ата-аналарына жеке және топтық кеңестер беру;

7. Бейімделу кезеңінде қиналған оқушылармен түзету жұмыстарын жасау.

Қорытындылай келе, бейімделу процесінің зерттеу білім беру ұйымындағы психолог, педагог және әдіскер қызметінің тиімділігінің ең



маңызды факторы болып табылады. Оқушылардың сапалы және тиімді психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету үшін бейімделу ұғымының мазмұнының ерекшеліктерін (құрамдас бөліктері, факторлары, шарттары) ескеру қажет.

#### Әдебиеттер:

1. Костяк, Т.В. Психологическая адаптация первоклассников / Т.В. Костяк. – М.: Академия, 2008. – 232 с.
2. Битянова, М.Р. Организация психологической работы в школе /

М.Р. Битянова. – М.: Совершенство, 2017. – 298 с.;

3. Суханова, Э.Г. Теоритические аспекты изучения проблемы школьной дезадаптации/ Э.Г. Суханова // Образование и общество. - 2013. №2 (79). - С. 54.

**Тенлик Кайролдановна СКАКОВА,**  
**жаратылыстану-математика**  
**бағытындағы**  
**Назарбаев Зияткерлік мектебінің**  
**жатақхана тәрбиешісі.**  
**Өскемен қаласы,**  
**Шығыс Қазақстан облысы**



## **Плагиатқа қарсы құралдарды басқару және қытай білім алушылардың академиялық өзіндік тиімділік сезімі: Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті мысалында**

#### Аңдатпа

Бұл зерттеу Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да білім алатын қытайлық студенттер арасында плагиатқа қарсы жүйенің академиялық жазудағы өзіндік біліктілік сеніміне ықпалын қарастырады. 30 білім алушыдан сауалнама арқылы жинақталған деректер жүйенің психологиялық қысым тудырып, жазу сенімділігін төмендететінін көрсетті. Дегенмен, респонденттер жүйенің академиялық адалдықты сақтаудағы маңызын да мойындайды. Нәтижелер шетелдік білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын ескеретін теңгерімді басқару тетіктерін әзірлеу қажеттігін негіздейді.

**Түйінді сөздер:** Плагиатқа қарсы жүйе; Өзіндік біліктілік сенімі; Академиялық жазу; Қытай білім алушылары.





**Кіріспе**

Соңғы жылдары Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі цифрлық технологияларды белсенді енгізуде. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында еліміздегі жоғары оқу орындары, соның ішінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, академиялық адалдықты қамтамасыз ету үшін StrikePlagiarism сияқты автоматтандырылған жүйелерді кеңінен қолданады [1, 2-б.]. Алайда, бұл басқару құралдарының тиімділігі тек плагиатты анықтаумен шектелмей, білім алушылардың психологиялық жай-күйіне, әсіресе, олардың өзіндік біліктілік сеніміне ықпалы тұрғысынан да бағалануы тиіс [2, 5-б.]. Өзіндік біліктілік сенімі – тұлғаның белгілі бір әрекетті табысты орындау қабілетіне деген сенімі [3, 26-б.]. Осы зерттеудің мақсаты – ҚазҰУ-дағы қытайлық білім алушылар мысалында плагиатқа қарсы жүйе мен академиялық жазудағы өзіндік біліктілік сенімі арасындағы байланысты эмпирикалық тұрғыдан талдау.

**Әдебиеттерге шолу**

Плагиатқа қарсы бағдарламалық қамтамасыз ету мәселесі ғылыми әдебиетте кеңінен талқыланған. Stapleton (2012) Turnitin жүйесі студенттердің мәтіндік сәйкестіктерін төмендеткенімен, жүйе

ұсынған пайыздық көрсеткіштер әрдайым нақты плагиат көлемін көрсете бермейтінін ескертеді [2, 5-6 бб.]. Сонымен қатар, Принстон университетіндегі «академиялық ар-намыс жүйесі» тек жазалауға емес, студенттердің өзін-өзі реттеуіне негізделген [5, 2-б.]. Бандураның өзіндік тиімділік теориясы тұрғысынан, жеке тәжірибе мен вербалды сендіру сенім қалыптастырудың негізгі көздері болып табылады [3, 26-б.]. Әсіресе, шетел тілінде жазатын студенттер үшін плагиат мәселесі ерекше өзекті, өйткені олар мәтіндік кіріктірулерге көбірек бейім келеді [2, 2-б.]. Бұл жағдай олардың жүйеге деген сезімталдығын арттырып, қосымша психологиялық қысым тудыруы мүмкін.

**Зерттеу әдістемесі**

Зерттеу 2026 жылдың сәуір айында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жүргізілді. Зерттеуге университетте білім алып жатқан 30 қытай білім алушы (24 магистрант, 6 докторант) қатысты. Респонденттердің жыныстық құрамы: 12 ер, 18 әйел. Зерттеу барысы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Зерттеу барысының блок-схемасы



Деректер жинау үшін екі бөлімнен тұратын сауалнама қолданылды: плагиатқа қарсы жүйені қабылдау шкаласы (10 тұжырым) және академиялық жазудағы өзіндік біліктілік сенімі шкаласы (10 тұжырым). Барлық тұжырымдар 5 балдық Лайкерт шкаласы бойынша бағаланды. Сауалнама соңында ашық сұрақ қойылып, сапалық деректер жинақталды. Респонденттердің негізгі сипаттамалары 1-кестеде берілген.

Көрсеткіш	Санаты	Саны	Пайызы (%)
Жынысы	Ер	12	40%
	Әйел	18	60%
Білім деңгейі	Магистрант	24	80%
	Докторант	6	20%
Алматыда оқу ұзақтығы	1 жылдан аз	8	26.7%
	1–2 жыл	15	50%
	2 жылдан астам	7	23.3%

**1-кесте.** Респонденттердің демографиялық сипаттамасы (N=30)

### Нәтижелер

Сауалнама нәтижелері қытай білім алушылардың плагиатқа қарсы жүйені қабылдауы мен олардың жазу сенімі арасында күрделі байланыс бар екенін көрсетті. 2-кестеде плагиатқа қарсы жүйені қабылдау шкаласы бойынша негізгі тұжырымдардың орташа мәндері берілген.

Тұжырым (қысқартылған)	Орташа мән	Стандартты ауытқу
Жүйенің жұмыс істеу қағидаттарын түсіну	3.7	1.0
Белгіленген шекті мәннің тым қатаңдығы	3.7	1.1
Тексеру алдында есепті қайта-қайта қарау	3.5	1.2
Дәйексөз келтіру кезіндегі алаңдаушылық	3.6	1.1
Қайталану пайызын төмендету үшін мәтінді өзгерту	3.7	1.2
Жүйенің шынайы жаңашылдықты анықтай алмауы	3.4	1.1
Мазмұннан гөрі қайталану пайызына көбірек көңіл бөлу	3.3	1.2




Қайталанудан қорқып, маңызды дереккөздерден бас тарту	3.1	1.1
Жүйенің ана тілінде сөйлемейтіндерге әділетсіздігі	3.4	1.2
Жүйенің жалпы жүктемені арттыруы	3.7	1.2
<i>Ескертпе: 1 – «мүлдем келіспеймін», 5 – «толық келісемін»</i>		

Кестеден көрініп тұрғандай, ең жоғары орташа мәндер «Жүйенің жалпы жүктемені арттыруы» ( $M=3,7$ ) және «Белгіленген шекті мәннің тым қатандығы» ( $M=3,7$ ) тұжырымдары бойынша тіркелді. Бұл білім алушылардың жүйені қосымша ауыртпалық ретінде қабылдайтынын көрсетеді.

Академиялық жазудағы өзіндік біліктілік сенімі шкаласы бойынша нәтижелер 2-суретте көрсетілген.

нің қытай білім алушылардың жазу сенімділігіне айтарлықтай ықпал ететінін растайды. Ашық сұрақтарға берілген жауаптарды талдау барысында «психологиялық қысым» және «жазу стратегиясының өзгеруі» секілді тақырыптар анықталды. Бір респондент: «Плагиатқа қарсы жүйе менің психологиялық қысымды арттырады. Тексеруден кейін пайызды төмендету үшін сөйлем құрылымын өзгертуге мәжбүр бола-



2-сурет. Академиялық жазудағы өзіндік біліктілік сенімі көрсеткіштері (орташа мән,  $N=30$ )

Ең төменгі көрсеткіш «Шетел тілінде жазу» ( $M = 3,2$ ) тұжырымы бойынша тіркелді. Бұл тілдік кедергі-

мын», - деп атап өтті. Бұл деректер жүйенің екіұшты әсерін көрсетеді: бір жағынан академиялық стандарт-



тарды сақтауға көмектесе, екінші жағынан шығармашылық еркіндікті шектеп, алаңдаушылық тудырады.

### Талқылау

Алынған нәтижелер плагиатқа қарсы жүйелердің тек алдын алушылық функциясымен шектелмейтінін көрсетеді. Біздің зерттеуіміз Stapleton (2012) еңбегіндегі тұжырымдарды ішінара растайды: мұндай жүйелер плагиаттың алдын алуда тиімді болғанымен, білім алушылардың жазу мінез-құлқына жанама әсер етеді [2, 5-6 бб.]. Stapleton зерттеуінде студенттердің бір тобы жүйенің бар екенін білмеген, ал біздің респонденттеріміз жүйемен күнделікті жұмыс істейді. Бұл айырмашылық біздің нәтижелеріміздегі психологиялық қысымның неғұрлым айқын көрінуін түсіндіруі мүмкін. Біздің жағдайда бұл әсерлер қытайлық білім алушылардың тілдік кедергілерімен ұштасып, олардың өзіндік біліктілік сеніміне теріс ықпал ететін психологиялық қысым түрінде көрініс тапты. Тілдік кедергі мен плагиатқа қарсы жүйенің бірлескен әсері студенттердің ғылыми жұмысының тереңдігі мен өзіндік ерекшелігін шектейді.

Зерттеу нәтижелері университет әкімшілігі үшін бірқатар практикалық ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді. Біріншіден, шетелдік білім алушыларға дұрыс дәйексөз келтіру және академиялық әдеп мәселелері бойынша жүйелі оқыту семинарларын өткізу қажет. Екіншіден, плагиатқа қарсы тексеру нәтижелерін түсіндіру кезінде икемді тәсілді қолдану ұсынылады. Мысалы, жоғары пайыздық көрсеткіш автоматты түр-

де айыптауға емес, студентпен жұмысындағы әлсіз тұстарды талқылауға себеп болуы тиіс. Үшіншіден, студенттерге мәтінді жақсартуға көмектесетін қосымша қызметтерді дамыту маңызды.

### Қорытынды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жүргізілген бұл зерттеу плагиатқа қарсы жүйенің қытайлық білім алушылардың академиялық жазудағы өзіндік біліктілік сеніміне елеулі ықпал ететінін көрсетті. Нәтижелер мұндай құралдардың академиялық адалдықты қамтамасыз етудегі маңызды рөлін жоққа шығармайды, алайда оларды қолдану білім алушылардың психологиялық әл-ауқаты мен шығармашылық әлеуетіне нұқсан келтірмеуі тиіс. Осыған байланысты, жоғары оқу орындары плагиатқа қарсы саясаттың теңгерімді моделін әзірлеуі қажет, онда академиялық стандарттардың сақталуы білім алушылардың жеке тұлғалық және кәсіби дамуына жанжақты қолдау көрсетумен ұштастырылады. Зерттеудің негізгі шектеулері – шағын іріктеме көлемі және оның бір ғана университетпен шектелуі. Болашақтағы зерттеулер басқа жоғары оқу орындары мен әр түрлі тілдік топтарды қамтитын кеңірек ауқымда жүргізілуі мүмкін.

### Әдебиеттер:

1. Dzhanegezova A. Қазақстандағы жоғары білімнің цифрлық трансформациясы: қиындықтар мен шешімдер // Education and Self Development. – 2024. – Vol. 19, No. 2. – 1-13 бб. [1-б.].



2. Moliterni P., De Stasio S., Carboni M., Di Chiacchio C. Академиялық үлгерімнің мотивациялық және өзіндік реттелу компоненттері // 39-шы EUCEN Конференциясы. – Рованиери, 2010. – 1-9 бб. [7-11 бб.].

3. Stapleton P. Антиплагиат бағдарламасының тиімділігін бағалау: Екінші тілде жазатын магистранттар мен докторанттардың эмпирикалық зерттеуі // Journal of English for Academic Purposes. – 2012. – Vol. 11, No. 2. – 125-133 бб. [1-9 бб.].

4. Бянь Юйфан. Оқу өзіндік біліктілік сенімі шкаласын құрастыру // Психология ғылымдары. – 2004. – Т. 27, №5. – 1218-1222 бб. [1-5 бб.].

5. Го Цзе, Го Нин. Американың дәстүрлі атағы бар жоғары оқу орындары академиялық адалдықты қалай қорғайды – Принстон университеті бакалавриатының академиялық нормалар мен басқару жүйесіне шолу // Салыстырмалы білім беру зерттеулері. – 2008. – №7. – 76-79 бб. [1-5 бб.].

6. Ли Юйтин. Магистранттардың оқу кешігуі мен оқу өзіндік біліктілік сенімі арасындағы байланысты зерттеу: магистрлік диссертация.

– Наньчан: Наньчан университеті, 2018. – 64 б. [11-12 бб.].

7. Цзян Хунъян. Жаңа дәуірдегі жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу адалдығы мен академиялық нормалар басқару жүйесін құру – «Академиялық адалдық және академиялық нормалар» атты кітапқа сын // Ғылым және технологияларды басқару зерттеулері. – 2021. – Т. 41. [1 б.].

8. Чжан Жуйци. Магистранттардың ғылыми-зерттеу өзіндік біліктілік сенімінің қазіргі жағдайын зерттеу және оны арттыру стратегиялары – N университеті мысалында: магистрлік диссертация. – Наньчан: Наньчан университеті, 2025. – 106 б. [26-30 бб.].

**Ань ЧЭНЬЯН,  
Сюй ЦЗИН,  
Чжан ЯЦЯНЬ,  
Эл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті  
«7М04134 – Педагогика. Білім берудегі менеджмент»  
білім беру бағдарламасының 1-курс  
магистранттары.  
Алматы қаласы**





## Учение Ясауи – источник духовной культуры

10 апреля на базе школы-гимназии №145 имени Аль-Фараби Бостандыкского района города Алматы состоялся районный семинар на тему «Учение Ясауи – источник духовной культуры». В семинаре приняли участие председатель Бостандыкского районного филиала партии «АМАНАТ» Сабен Тынышкали, руководитель отдела образования Бостандыкского района Айгуль Касымбек и методисты района, профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби Орынай Жубай, PhD доктор Жанат Сарсенбай, преподаватель SDU, ученый-литературовед Акбота Абиыр, которые выступили с на-

учными докладами, посвященными наследию Ясауи.

Также учителя школы-гимназии – учитель истории Шолпан Аманбаева и учитель казахского языка и литературы Балауса Елшибай выступили с методическими докладами и поделились своим опытом. Более 30 учителей казахского языка и литературы и истории из школ района приняли участие в работе семинара, обменялись мнениями и опытом.


С приветственным словом на открытии семинара выступил директор школы-гимназии Нургали Нурадинов, который особо подчеркнул духовную сущность учения Ясауи и его значение в воспитании подрастающего поколе-



1. Книга «Ясауи-нама» (1918 г.) - Алматы, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Библиотека имени аль-Фараби, Алматы, 1918 г.  
2. Книга «Дин-и султаншах» - Алматы, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Библиотека имени аль-Фараби, Алматы, 1918 г.  
3. Книга «Ясауи-нама» - Алматы, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Библиотека имени аль-Фараби, Алматы, 1918 г.  
4. Книга «Ясауи-нама» - Алматы, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Библиотека имени аль-Фараби, Алматы, 1918 г.



ния. Учащиеся школы продемонстрировали свои творческие способности, пропитанные духовно-культурными ценностями: исполнили вдохновляющие песни, сыграли кюи, представили национальные танцы, прочитали хикметы Ясауи и показали театрализованную постановку. Искусство учащихся, отражающее



богатое духовное наследие народа, украсило семинар, придало ему особую атмосферу и вызвало большой интерес у слушателей.

Данный семинар не только способствовал популяризации идеи «учения Ясауи», но и был тесно связан с комплексным планом, утвержденным Правительством Республики Казахстан. В соответствии с планом мероприятий на 2026-2028 годы «Продвижение и популяризация наследия Ходжи Ахмета Ясауи», утвержденным по инициативе Президента Касым-Жомарта Токаева, предусмотрено 37 конкретных мероприятий, направленных на популяризацию наследия великого мыслителя. Проведенный семинар является наглядным подтверждением реализации данного плана.

В заключение следует отметить, что районный семинар на тему «Учение Ясауи — источник духовной культуры» стал одним из значимых шагов на пути обновления национальной духовности.

Научные выводы и методические подходы, представленные в ходе мероприятия, еще раз подчеркнули глубину наследия Ходжи Ахмета Ясауи и доказали его актуальность в современном образовательном процессе.

Семинар стал не только площадкой для обмена мнениями, но и содержательной

встречей, способствующей профессиональному развитию педагогов и демонстрирующей эффективные пути формирования духовных ценностей у молодого поколения. Гармония ученического творчества и педагогического поиска ярко отразила ответственность национальных и духовных традиций.

В дальнейшем подобные значимые мероприятия будут продолжены, и в рамках комплексного плана, инициированного Главой государства Касым-Жомартом Токаевым, наследие Ясауи будет широко популяризироваться и, несомненно, продолжит служить духовной опорой нации.

**Айдос Муратулы ТАБИЕВ,**  
**Алишер Арманулы МУРАТБАЕВ,**  
заместители директора по  
учебной работе  
школы-гимназии №145  
имени Аль-Фараби  
г. Алматы



# Вместе развиваем речь!

Интегрированный мастер-класс педагогов службы психолого-педагогического сопровождения совместно с педагогом дополнительного образования, для родителей учащихся 1 класса с ОНР

**Цель:** Повышение профессиональной компетентности родителей по использованию здоровьесберегающих технологий в работе с детьми с нарушением речи, пропаганда и распространение разнообразнейших форм работы.

**Задачи:**

1. Познакомить родителей с эффективными методами использования коррекционно-развивающих технологий;
2. Активизировать самостоятельную работу родителей, дать им возможность заимствовать элементы педагогического опыта для улучшения собственного;
3. Познакомить родителей с рекомендациями по проведению артикуляционной гимнастики, дыхательной, релаксационной, нейросенсорной, пальчиковой гимнастики, аурикулярного массажа.

**Форма организации занятия:** групповая.

**Методы и приёмы:** аурикулярный самомассаж, нейрогимнастика, кинезиологические приемы, беседа, вопросы и ответы, рефлексия.

**Оборудование и необходимые учебные материалы:** карточки, картинки, магнитная доска, интерактивная доска, презентация с практическими материалами.


**Содержание и ход занятия**

Этапы	Действие педагогов (логопеды и ПДО)	Действие участников
<b>Мотивационно-побудительный</b>	- Здравствуйте, уважаемые родители! Сегодня мы проведем с Вами логопедический мастер-класс. Мы продемонстрируем вам комплекс упражнений и практических заданий по подготовке к постановке и автоматизации звуков, для правильного формирования речевого выдоха, для развития межполушарного взаимодействия, развития мелкой моторики и творческих способностей. Что же такое речь? <b>Строим дом.</b>	Выполняется вместе логопедом
<b>Практическая часть</b>	- Фундамент нашего дома – работа по развитию артикуляционного аппарата; - Стены – работа над общей и мелкой моторикой, развитие правильного речевого дыхания;	



	<p>- Крыша – развитие фонематического слуха.</p> <p>Перейдем к разделам, по которым ведётся работа по постановке звуков.</p> <p>Практическую часть мастер-класса, мы начнем с таких слов:</p> <p>«Радоваться даже маленьким достижениям, стремиться к совершенству, так как у него нет предела!»</p>	
<b>Аурикулярный самомассаж</b>	<p>Чтобы хорошо работать на занятии, быть внимательным, нужно выполнить самомассаж ушных раковин. Руки разотрём и сделаем массаж ушных раковин. Делаем несколько подходов.</p> 	Выполняется вместе с логопедом
<b>Артикуляционная гимнастика</b>	<p>Включается видое артикуляционных упражнений.</p> <p>Выполняется артикуляционные упражнения перед зеркалом.</p> <p>1. «Круговое движение»; 2. «Качели»; 3. «Часы»; 4. «Заборчик-шарик»; 5. «Грибочек»; 6. «Лошадка».</p>	Выполняется вместе с логопедом
<b>Дыхательная гимнастика</b>	<p>Дыхательная гимнастика – ритмичные шумные вдохи и выдохи способствуют насыщению организма кислородом, улучшают обменные процессы, психоэмоциональное состояние, выводят из стресса, повышают иммунитет.</p>	Выполняется вместе с логопедом
<b>Кинезиологическое упражнение</b>	<p>Упражнение «Ухо – нос-хлопок».левой рукой возьмитесь за кончик носа, а правой рукой – за противоположное ухо. Одновременно отпустите ухо и нос, хлопните в ладоши, поменяйте положение рук «с точностью наоборот».</p> <p>Упражнение «Голова-живот». Упражнение начинается с поглаживания живота</p>	Выполняется вместе с логопедом



	правой рукой по часовой стрелке. Затем нужно слегка постучать левой ладонью по макушке.	
<b>Упражнение «Зеркальное рисование»</b>	<p>Во время рисования двумя руками:</p> <p><b>Разнообразие.</b> Мозг начинает активно развиваться тогда, когда мы сосредотачиваемся на выполнении непривычных движений. Это касается и мелкой моторики, и артикуляции новых звуков, движений рук и ног.</p> <p><b>Одновременность действий.</b> В процессе должны участвовать оба полушария, ведь левое, как известно, контролирует правую половину тела, а правое – левую, левое отвечает за речь, а правое – за координацию движений.</p> <p><b>Работа обеими руками.</b> Любые упражнения, выполняемые и левой, и правой рукой, способствуют укреплению нейронных связей и созданию новых. Это может быть и рисование, игра на музыкальном инструменте, возведение башенок из конструктора.</p>	Выполнение задания вместе с логопедом
	<p><b>Рисование двумя руками – путь к успеху!</b> Ученик лучше усваивает знания, повышается умственная активность и работоспособность, проще осваивает навыки, успевает выполнять больше задач. Возьмите 2 карандаша – по одному в каждую руку и нужно обвести контур фигуры или рисунка одновременно двумя руками. Сравните рисунки.</p> 	
<b>Составление слогов и слов</b>	Участники делятся на 2 команды <b>1 команда – С, Т, О, Л, Б</b> <b>2 команда – К, О, Т, Е, Л</b>	Выполняется вместе с логопедом



### Мелкая моторика

У детей с нарушениями речи, часто наблюдаются недостатки в развитии общей моторике. Движения организма и речевая моторика имеют единые механизмы, поэтому развитие тонкой моторики рук напрямую влияет на развитие речи. Именно поэтому развитие мелкой моторики должно занять прочное место в занятиях с ребенком. У детей с задержкой речевого развития наблюдается плохая координация мелкой моторики пальцев рук.


Прием работы развития мелкой моторики «Рисование войлоком»

Это дает следующие преимущества:

- 1. Психотерапевтический эффект.** Работа с войлоком помогает выразить своё состояние, потребности, чувства и эмоции, а также используется в арт-терапевтических практиках для решения психологических проблем.
- 2. Развитие мелкой моторики.** Тактильные ощущения при работе с войлоком благоприятно влияют на развитие рук.



- 3. Развитие творческих способностей и фантазии.** Войлок податливый материал, с ним можно создавать объёмные вещи, украшения, игрушки, одежду и обувь.



Задание выполняется педагогом с родителями в группе



**4. Закрепление знаний по основам композиции и приёмам стилизации.** В процессе работы над произведением можно закрепить знание основ композиции и приёмов стилизации.



**Основные приемы работы при рисовании войлоком**

***Вытягивание шерсти***

- Для этого нужно взять гребённую ленту в правую руку, а левой зажать шерсть между большим пальцем и остальными пальцами и потянуть шерсть. При вытягивании важно помнить, что лучше вытягивать более тонкие, просвечивающие прядки и укладывать их в несколько слоёв, чем вытягивать толстые пряди и укладывать их в 1-2 слоя.

***Скручивание шерсти***

- Нужно вытянуть тонкую прядь шерсти из гребёнки, скрутить в жгутик между ладонями, затем отрезать ножницами кусок жгутика нужной длины.

***Послойное выкладывание цветной непряденой шерсти***

- На подготовительном этапе нужно вырезать из однотонной хлопчатобумажной ткани кусок, равный рамке (подложку для картины), и приклеить его к основе рамки.



	<p>Затем выложить слои горизонтальными прядями, сочетая различные цвета и делая плавные переходы (на заднем плане изображения предметов бусы, ковры и панно, расплывчатые, не имеют чётких контуров).</p> <p>После этого выложить передний план (изображения предметов чёткие, видны мелкие детали). На завершающем этапе нужно наложить стекло на картину и обрезать излишки шерсти, оформить картину в рамку.</p> <p><b>Для имитации разных «мазков»</b> - при рисовании войлоком используются приёмы <b>выщипывания (отщипывания), смешивания, скатывания, отрывания и нарезания волокон шерсти.</b></p>	
<b>Рефлексия</b>	<p>- Если со всеми заданиями справились, выбираем зеленый смайлик, если были затруднения, выбираем желтый смайлик, а если вам было трудно выполнять задания, то выбираем красный смайлик.</p> <p>Молодцы дети, все задания выполнены!</p>	
<b>Итог занятия</b>	<p>Мастер-класс окончен. Благодарим всех за участие. До свидания!</p>	

**Гульнара Саимбековна АХМЕТОВА,  
Айдана Мейиркызы ҚАЗИБЕКОВА,  
учителя-логопеды,  
Майнур Багдатовна АМИРОВА,  
педагог дополнительного образования.  
КГУ «Школа-интернат «Ақ ниет»  
управления образования  
Восточно-Казахстанской области**



# Конспект интегрированного занятия по изобразительной деятельности и развитию речи, с использованием нетрадиционной техники рисования



**В.А. ЕКИМОВСКАЯ,**  
воспитатель КГКП  
«Ясли-сад №9»  
акимата города  
Рудного.  
Костанайская область

**Тема:** «Осенний парк»

**Образовательная область:**  
«Творчество», «Коммуникация».

**Цель:**

**Изобразительная деятельность:**

развивать интерес к различным нетрадиционным способам изображения предметов на бумаге (рисование методом тычка, пальчиковое рисование), познакомить старших дошкольников с нетрадиционным течением в живописи – «пуантилизмом»;

- обучать созданию композиции «Осенний парк» в технике «пуантилизм»;

- развивать воображение, моторику, творческое мышление у детей старшего дошкольного возраста (6-7 лет);

- воспитывать усидчивость в работе, эстетическое восприятие.

**Развитие речи:** закрепить умение образовывать прилагатель-

ные, совершенствовать умение рассказывать стихотворения с помощью мнемотаблиц, отвечать на вопросы по схеме.

**Демонстрационно-раздаточные материалы:** бумага для акварели; краски гуашевые, соответствующие осеннему колориту; кисточка для клея; баночка с водой; влажные салфетки; клеенка; тычки (ватные палочки), дорожка из осенних сухих листьев, листочки из бумаги, мнемотаблицы стихотворений, схема предложения, презентация, интерактивная игра «С какого дерева лист?».

**Ход занятия.**

**Мотивационно-побудительный этап:**

Совсем недавно было жаркое лето, все кругом было зеленым. Сейчас на улице чудесная, волшебная пора – осень, которая разукрасила природу в разные яркие цвета:

Осень в гости к нам пришла

Дождь и ветер принесла

Ветер дует, задувает,

С веточек листву срывает.

Листья по ветру кружатся



И под ноги к нам ложатся

Ну а мы гулять пойдём

И листочки соберём...

Воспитатель приглашает детей на прогулку в осенний парк.

**Организационно-поисковый этап:**

Дети идут по дорожке из листьев.

- Что вы почувствовали, услышали, проходя по дорожке?

- Как можно сказать по-другому?

Дети продолжают предложение, начатое воспитателем: «Листья под ногами ...».

Воспитатель обращает внимание на листья на дороге.

- С какого дерева лист?

Дети отвечают на вопрос, строя предложение в стихотворной форме.

«По дорожке шли, шли, лист дубовый мы нашли ...»

(... тополиный лист нашли...

...лист березовый нашли...

... лист осиновый нашли ...

...лист кленовый нашли!) и т.д.

Воспитатель предлагает рассказать стихотворение по мнемотаблице:

(приложение).

Предлагает обыграть стихотворение: один ребенок рассказывает стихотворение, и раздает «подарки осени».

Воспитатель предлагает сыграть в интерактивную игру: «С

какого дерева лист?», строя ответ по схеме:




Это .

(Лист с дерева клён. Это клиновидный листок).

Предлагает нарисовать осенний парк.

- Чего не хватает для рисования?

- Как можно рисовать без кисточки?



Воспитатель обращает внимание на иллюстрации картин художников (презентация).

Знакомит детей с понятием «пуантилизм». Название тече-



ния в живописи пуантилизм произошло от французского слова *pointiller*, что означает «писать точками». Художники, которые работали в стиле пуантилизм, наносили на холст чистые, не смешанные предварительно на палитре краски. Оптическое смешение красок происходило уже на этапе восприятия картины зрителем.

Рассматривают картины вблизи, часть картины. Воспитатель обращает внимание детей на то, что картины нарисованы точками.

Рассматривание образца, этапов выполнения работы:

Предлагаем приступить к первому этапу — созданию эскиза будущей композиции. Лист необходимо простым карандашом разделить горизонтальной линией на две плоскости: небо и земля. Вдоль линии горизонта располагаем деревья.

Эскиз готов, теперь самое время приступить ко второму этапу — окрашиванию нашей композиции цветными точками. Приступим к окрашиванию небосвода. Для этого воспользуемся голубой (или светло-синей) краской. При заполнении верхней части листа можно оставить не закрашенные участки — облака. Окрашиваем землю коричневым цветом. Фон рисунка готов. Дети вытирают пальчики влажными салфетками.

Теперь переходим к среднему плану композиции — деревьям: окрашиваем точками коричневого цвета стволы и веточки, пользуясь тычком.

Самостоятельная работа детей. Оказание индивидуальной помощи детям.

**Пальчиковая гимнастика «Ветер озорник».**

Далее необходимо «одеть» деревья в осеннюю листву. Мы воспользуемся оранжевым, красным, зеленым и желтым цветами.

Воспитатель предлагает окрасить деревья в форме игры: по сигналу на экране появляется цвет (называют на трех языках)

Красный — кызыл — red

Желтый — сары — yellow

Зеленый — жасыл — green

Оранжевый — кызғылт сары — orange

В зависимости от цвета на экране, дети тычком рисуют листву.

**Рефлексивно-корректирующий этап:**

Воспитатель организует выставку детских работ.

*Золотятся между сосен,*

*Клены желтые стоят.*

*Что за чудный им наряд*

*Подарила осень!*

*Как украсила рябины,*

*Бросив щедрою рукой*

*Меж узорною листвой*

*Яркие рубины!*
















*И качаются березы*



*В разноцветных кружевах,  
Лишь у елки на ветвях  
Блещут только слёзы. Г. Галина*

- : - В каком парке хотели бы про-
- : гуляться? Почему?
- : - Какие трудности испытывали
- : на занятии?

Приложение.

 Ходит	 осень	 в нашем парке.
 Дарит	 осень	 всем подарки.
 Бусы красные -	<p>www.boltun-spb.ru</p>  рябине,	 фартук розовый -
 осине,	 зонтик желтый -	 тополям,
 фрукты	 осень	 дарит нам.



Индекс 74312

# ПЕДАГОГ

журналы

**Құрметті оқырман қауым!**

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұр пресс»,

«Евразия Пресс», «Экспресс почта» және Post.kz сайты арқылы жазылған тиімді.

Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

Басылым индексі

		АБОНЕМЕНТ			
Педагог		74312			
		Комплекті саны			
2026 жылға, айлары					
қайда					
(почта индексі)		(мекен-жайы)			
кімге		(аты, жөні)			
		Тасымалдау карточкасы			
ПВ		орны			
		74312			
		Басылым индексі			
Бағасы	Жазылу мекен-жайын өзгерту	...тенге	...тиын	комплекті саны	
		...тенге	...тиын		
2026 жылға, айлары					
қайда					
қайда		(почта индексі)		(мекен-жайы)	
				(аты, жөні)	

**Қиын алыңыз да, жазылыңыз!**

